

Кентау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 26 маусымдағы № 154 "Жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 269 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 12 қаңтарда N 14-3-104 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 84 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 29.03.2013 № 84 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 387-бабына сәйкес, Кентау қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" Кентау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 26 маусымдағы № 154 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде 14-3-75 нөмірімен тіркелген, 2009 жылы 1 тамызда "Кентау шұғыласы" газетінің 32 нөмірінде жарияланған) шешімінің 1-тармағында автотұрақтарға деген сөзден кейін (паркингтерге) деген с ө з б е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешім 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қалалық мәслихатының сессия төрағасы **С.Күнтуаров**

Қалалық мәслихатының хатшысы **Е.Аширов**